«Бекітемін»
ЖШС«Муслимхан»
балабақшасының меңгерушісі
Нурболаткызы А

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

«Балапан» кіші тобы

2023-2024 оқу жылы

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қыркүйек айы 2023жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма 01.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру, Дидактикалық ойындарға «Жапырақтар», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру,белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау.Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау. **(Балармен жеке жұмыс).**				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып				

	шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)** Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Менің тобым» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					**Дене шынықтыру** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу үйрету
					Балаларға әдемі гүлді көрсету, оны танып атату, гүлді бір біріне беріп өз есімдерін атауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)**
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен					Ағаштардан түскен жапырақтарға назар аударту. Себетті жапырақтармен толтырамыз ойынын ойнату.

					(Қоршаған ортамен таныстыру) Ағаштардан түскен бұталарды жинап әр түрлі құрылымдар құрастыру. **(Құрастыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Ұшақтар»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)					Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың еркіттенуін дамыту. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)**
Балалармен жеке					**Қанатқан Камилаға** гүлді

жұмыс					танып атату, гүлді бір біріне ажырата білуді үйрету.
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)* балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (*сөйлеуді дамыту)*				
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен					Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады»
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру				

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қыркүйек айы 2023жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 4.09.2023**	**Сейсенбі 5.09.2023**	**Сәрсенбі 6.09.2023**	**Бейсенбі 07.09.2023**	**Жұма 08.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, «Жапырақтар»,саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау барысында баланың сөйлеуін дамыту. **(Балармен жеке жұмыс.)**				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдарын орындауды пысықтау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)** Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-		**Музыка** музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі	**Дене шынықтыру** педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер	**Дене шынықтыру** бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген	**Дене шынықтыру** Бір орында тұрып екі аяқтап секіру

әрекет		жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру	бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу	бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу	Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу
	Қоян қонаққа келеді. Өзімен көп достарын ертіп алып келіпті. Қараңдаршы қоянның достарын танисыңдар ма? Жануарларды атау. Топта осындай ойыншықтар бар ма сұрау. Ойыншықтарды ұстап, атттарын атауын дағдыландыру. **(көркем әдебиет)** Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Бірдей жануарларды топтастырып ойнату. **(Сенсорика)**	Бір біріміздің артымызға тұрып, поезд болып жүреміз топ бөлмнсінде серуен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Топтағы заттарды балаларға қолдануға беру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** балаларға ойыншықтарды текшелердің немесе үстел үстіндегі жазықтықта әр түрлі жағдайда орналасуын көрсетіп қайталап орындауын қалыптастыру(жатыр, тұр) **(құрастыру)**	Топқа мысық пен күшік келеді. Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Олардың да мысық пен күшігі бар ма сұрау. Жеке балалардан әңгімелеп беруін сұрау**. (сөйлеуді дамыту)** Мысық пен күшіктің дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Фланелеграфқа мысық пен күшікті топтастырып жапсыру. **(жапсыру)**	Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалар қуыршаққа қалай көмектесеміз деп балалардың бастамасы бойынша іс әрекет жасауды қуыршақты жуындыруды ауызша нұсқау жасаумен үйрету **(сенсорика)** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз, қане доппен ойындар ойнап көрсетейік. Қимылды ойын «**Жүгіріп қағып ал» (дене шынықтыру)**	Балалар бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық тарытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз. Балаларды байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік. **(көркем әдебиет)**
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				

Серуенге дайындық	Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Қимылды ойын «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеті. Жеке балалармен тақпақты жаттау. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. **(көркем әдебиет)** Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқаруды үйрету	Серуенге ойыншық жануарларды алып шығу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атау дағдысын дамыту, үйрету **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Ағаштарды бақылау, жел тұрғанда жапырақтарының қимылына назар аударту. Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»	Жапырақтар теру, құмыраға салу дағдысын дамыту Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары Қимылды ойын «Шарды ұста»	Қуыршақпен көңілді ән айтып, би билету. Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айтуды қалыптастыру. **(музыка)** Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Жаңбыр, жел, күз сөздерін сөздік қорына қосу. **(Сөйлеуді дамыту)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Поезд	Серуенде бірге жүріп табиғатты бақылауды үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар құрастырып алайық деп құрастыру әдістерін үйрету **(Құрастыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Өз орындығыңды тап»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Достарымызбен бір қатарға тұрайық, бір біріміздің киімімізден ұстап поезд болып жүрейік. **(дене шынықтыру)** Көңілді музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау **(музыка)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер. Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен жануарлардың бейнелерін табу, фланелеграфқа жапсыру. **(Жапсыру)** балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды парақ бетінде салуын үйрету **(сурет салу)**	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Ермексазды алақан арасына алып мыжу дағдысын дамыту. Фланелеграф тақтасына доптарды, шарларды жапсыру. **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)**	Дамытушы орталықтарда балалрдың бастамасымен құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары, парақ бетінде бейнені орналастыру әрекеті және ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру **(Құрыстыру, сурет салу, мүсіндеу)**	Қағаз беріп доп салуды тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді үйрету. **(сурет салу)**	«Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту **(сенсорика)** Қандай сурет сала алатынымзды көрсетейік. Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау. Балалардың еркін әрекетін дамыту. **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**Ермек Санжарға** жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру.	**Жолдасбекұлы Жақсылыққа** топтағы заттарды қолдануды үйрету. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.	**Берік Әділге** фланелеграфқа мысық пен күшікті топтастырып жапсыруды үйрету.	**Мұрат Нұрисламға** ауа райның ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету. Жаңбыр, жел, күз сөздерін жаттату .	**Абай Абдуллаға** байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)* балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (*сөйлеуді дамыту)*				

Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту Қимылды ойын «Шарды ұста»	Жеке балалармен тақпақты жаттау. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. **(көркем әдебиет)** Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»	Мысықтың және күшіктің дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру. Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»	Доппен ойындар. Жеке балалармен тақпақты жаттауды жетілдіру Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. **(көркем әдебиет)**	Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады»
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу.	Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу	Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну	Үйде доппен ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қыркүйек айы 2023жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 11.09.2023**	**Сейсенбі 12.09.2023**	**Сәрсенбі 13.09.2023**	**Бейсенбі 14.09.2023**	**Жұма 15.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау. **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып				

	шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)** Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Менің отбасым» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру	**Дене шынықтыру** педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу	**Дене шынықтыру** бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу	**Дене шынықтыру** Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу
	Отбасы суретін көрсету. -Суреттегі отбасы мүшелерін ата? -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беруін ұйымдастырып сөйлеу дағдысын,сөз қорын кеңейтіп дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнаумен. Қуыршаққа күтім жасау, әлдилеу, ән айту дағдысын қалыптастыру **(көркем әдебиет, музыка)**	Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау дағдысын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша әженің кәмпиттері тақырыбында домалақтар сурет салу, ермексаздан дөңгелек мүсін жасау, жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Құрастыру	Отбасы бейнеленген кітаптар қарау. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы мүшелерін қарау негізінде дұрыс сөйлеуін дамыту **(сөйлеуді дамыту)** Мысық пен күшік ойнайтын допты ермексаздан мүсіндеуді пысықтау. **(мүсіндеу)** Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды пысықтау. **(құрастыру)**	Үстел үсті театры арқылы «Шалқан» ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоциалды қабылдауды үйрету. **(көркем әдебиет)** ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атату. Не істеді сұрағына жауап беруді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Көңілді музыка қойып балалардың қарапайым би қимылдарын жасау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуін жетілдіру **(музыка)**	Ата мен әжелерінің суреттін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу мен сөйлеуін дамыту «Бес саусақ» өлеңін қайталап айтуға талпындыру Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек – әжем, ошақ анасы Ортан терек – әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

		материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)**			
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Отбасымен тұратын үйшікті бормен салуды пысықтау. **(сурет салу)** Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын секілді сипаттарды атауын қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар	Нешеуміз? Тақпағын жаттауға талпындыру Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек –мен, Кішкене бәбек –сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. *І.Шұғаев* **(көркем әбедиет)** Жел қалай соғады. Жапырақтардың тербелгенін көрсету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар, жеке жұмыстар	аулада тазалық жұмыстарын ұйымдастырып балаларды жапырақтар теруге қатыстырып енбектенуге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар. Қимылды ойын: «Нысанға қарай жүгір»	Қимылды ойын: «Поезд» поезда бара жатқанда желді бақылау. Аялдамаларда жапырақтардың қай ағаштар түскенін табу атау дағдысын дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар	Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді бақылау. Түстерін атау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ағаштардың түскен бұтақтарын жапырақтарын жинап, шелекке салу **(сенсорика)** Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				

Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер. Отбасы мүшелерін қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету **(жапсыру)** ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп жасау **(мүсіндеу)** доп салуды пысықтау **(сурет салу)**	Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)** Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру **(сенсорика)** Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	**(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта кітіптардан сурет қарау сұрақтарға жауап беруін дамыту	Еркін іс әрекеттер Сенсорлық ойындар, кітаптардан шалқан ертегісінің суреттерін фланелеграфқа ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыру. **(сенсорика, жапсыру)**	Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап моншақтың суретін салу. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	**Абдурахимова Айлинаға** қуыршаққа күтім жасау, әлдилеу, ән айту дағдысын қалыптастыру.	**Адил Исламханға** құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту.	**Әділбай Салауатқа** мысық пен күшік ойнайтын допты ермексаздан мүсіндеуді пысықтау.	**Бегайдар Шахназарға** көңілді музыка қойып балалардың қарапайым би қимылдарын жасауды үйрету.	**Жанат Аминаға** «Бес саусақ» өлеңін қайталап айтуды талпындыру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)**.				

Серуен	Қ/о «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру	Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. «Кун тун» ойынын ойнату арқылы уақыт бағдарлау дағдысын қалыптастыру. Қ/О «Поезд»	Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар **(сенсорика)** Қ/о «Шеңберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет				
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау.	Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру.	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау.	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қыркүйек айы 2023жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 18.09.2023**	**Сейсенбі 19.09.2023**	**Сәрсенбі 20.09.2023**	**Бейсенбі 21.09.2023**	**Жұма 22.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау. **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. **Балабақша – үйіміз** Балабақша ─ үйіміз, Ағалардан сыйымыз. Серуендеп шығамыз, Таза ауаға жиі біз. (көркем әдебиет) тақпағын жаттату.Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Ертегілер елінде» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру	**Дене шынықтыру** Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату	**Дене шынықтыру** Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру	**Дене шынықтыру** Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу
	қуыршақ театрын тамашалау. «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтуын үйрету **(сөйлеуді дамыту)** Кітаптардан бауырсақ ертегісінің кітабын көрсетру. Суреттерге қарап ертегіні желісін бұзбай айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім	Қонаққа бауырсақ келеді. Бауырсақпен музыкаға би белеу. Оның сұрақтарына жауап беру аясында байланыстырып сөйлеуді үйрету Қимылды ойын ойнау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)**	«Шалқан» мульфилімін тамашалау. Балалардың ойын тыңдау. **(сөйлеуді дамыту)** Үйшік салуды үйрету **(сурет салу)** Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу дербес қымыл жасауын дамыту**(құрастыру)**	Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» Суреттерді көрсету арқылы қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеу дағдысын дамыту **(көркем әдебиет)** Суреттегі ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын табу, ойнау, дауыстарын келтіруді жетілдіру	Ойыншықтар жәрмеңкесі. Әр түрлі ойыншықтарды алып ертегі желісі бойынша жасайтын іс әрекеттерді жасауын дамыту. Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салуды пысықтау. **(көркем әдебиет)** біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және

	екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атау. **(көркем әдебиет)**		Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар **(сенсорика)**	**(сенсорика)** Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды орындауға талпындыру. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**	олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру. **(сенсорика)**
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Балабақша ауласында өсетін көкөніс пен жемістерді қарау, бақылау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ұжымдық сурет салу. Плакатқа бауырсақтарды салуды қалыптастыру. **(сурет салу)** Еркін ойындар	Бауырсаққа балабақша ауласын таныстыру, ауа райы туралы айтып беру. **(қоршаған ортамен танысу)** Ермексаздан бауырсақ жасап көрсетру, бормен бауырсақтың суретін салу. **(мүсіндеу, сурет салу)** Дидактикалық ойын «Кім екенін тап»	«Шалқан» ертегісінің кейіпкерлерінің іс әрекеттерін қайталаумен ертегі желісін тануды дамыту. Кітаптан ертегіні қарау. **(көркем әдебиет)** Балалардың дербес әрекеттері	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар **(құрастыру)** Жапырақтармен, бұтақтарды жинап себетке салу. Қимылды ойын «Түсіне қарай жина» доптармен ойын	Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				

Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау дағдыларын, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру дағдыларын пысықтау **(мүсіндеу, жапсыру)**	Үстел үсті театр ойыншықтарын және ертегі кейіпкерлерін атауды жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту)** Құрастыру ойынышықтарынан бауырсаққа үй құрастыру **(Құрастыру)** Фланелеграфта ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыруды менгерту **(Жапсыру)**	Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдауын ұйымдастыру. Ертегі желісі бойынша шалқан суретін салу дағдыларын **(Сурет салу)** ермексаздан мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. **(Мүсіндеу)**	Шалқан немесе Бауырсақ ертегілерін құршақ театырын пайдаланып көрсетіп айтып беруіне қызығушылығын дамыту . Кейіпкерлерге емоцияларын танытуды үйрету дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту)**	Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау дағдыларын дамыту. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру амалдарын қалыптастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**Жандарбек Айшаға** «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтуын үйрету.	**Серікқан Арланға** бауырсақпен музыкаға би билеуді үйрету.	**Сарджигитов Ерсұлтанға** құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу.	**Жексенбай Мерейге** суреттегі ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын табу, ойнау, дауыстарын келтіруді жетілдіру.	**Бекбауова Сабинаға** жануарлардың қимылы мен дауыстарын салуды үйрету.
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)* балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (*сөйлеуді дамыту)*				
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»	Бауырсақ ертегісіндегі әндерді қайталау.	Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».	Ертегідегі жануарларға тән ерекшеліктермен	Қ/О «жүгіріп қағып ал»

	Табиғи материалдардың ішінен бауырсақтың жолын құрастыруын жалғастыру. **(құрастыру)** Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеттері	Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың үйге қайтуы	Бауырсақ ертегісі баласымен бірге айтуға кеңес беру.	Бауырсақ жасауын сұрану	Шалқан, бауырсақ мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру.	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қыркүйек айы 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 25.09.2023**	**Сейсенбі 26.09.2023**	**Сәрсенбі 27.09.2023**	**Бейсенбі 28.09.2023**	**Жұма 29.09.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Кім жоқ?», «топтастыр гүлдер, ағаштар». Саусақ ойыны «Орманда», Ойын – жаттығу «Даусына қарай ажырат» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау. **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				

	Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз туралы видео көру. Күзде қандай өзгерістер болады? Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Дене шынықтыру** велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару дағдысын қалыптастыру	**Музыка** музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдысын қалыптастыру	**Дене шынықтыру** велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару дағдысын қалыптастыру	**Дене шынықтыру** велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару дағдысын қалыптастыру
	Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келу. **(қоршаған ортамен танысу)** Балалармен бірге жапырақтарды бояу**(сурет салу)** Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **(жапсыру)**	Қонаққа күз ханшайымы келуі.Ол балаларға түрлі жемістер мен көкөністер себетін көрсетуі. Себетке олар симай тұрғаннан екі бөлек себетке бөліп атауын менгерту **(сөйлеуді дамыту)** Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына баруына жағдай жасау. Қалаған жеміс немесе көкөніс суретін салу дағдысын жетілдіру **(сурет салу)** жеміс немесе көкөніс мүсінін жасуға ынтасын қалыптастыру. **(мүсіндеу)**	«Шалқан және бауырсақ» ертегісін саусақ театры арқылы айтып беру, тыңдау дағдысын дамыту Балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қою арқылы сөйлеуін дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** «Күз» жайлы такпақ айтуға ұмтылдыру (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. Тақпақты жаттау **(көркем әдебиет)**	Күз мезгіліндегі құстар мен жануарлардың тіршілігін бақша ауласына серуенде бақылауы бақылау. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Құстардың тауып фланелеграфта жапсыру **(жапсыру)** Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. **(құрастыру)**	Жануарлар туралы мультфильм дер мен суретті кітаптар қарау көрген бейнелер мен заттардың атауларын , ерекшеліктерін атау дағдыларын дамыту. Жануарлар мен құстар суретін көрсетіп қалай дыбыстайтынын айтып үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Көңілді музыка тыңдау, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, қосылып ән айтуға үйрету **(музыка)**

		көкөністер мен жемістерді бөліп фланелеграфта орналастыруға машықтандыру **(жапсыру)**	бауырсақ туралы сурет салып, мүсіндер жасай дағдыларын менгеруді үйрету **(сурет салу, мүсіндеу)**		
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Күзгі бақта піскен жемістер мен көкөністерді көрсету тану қабылетін дамыту «Дәмін татып біл» ойынын ойнату. Жемістер мен көкөністерді дәміне қарай тану, атау дағдысын дамыту **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ермексаздан алма жасатуды үйрету **(мүсіндеу)** Еркін ойындар	Күз ауарайы жел тұрады, жаңбыр жауады, жапырақтар түсетінін айтып көрсетіп балалардың оларды атап тануын қалыптастыру.. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Бірге тақпақ жаттауын жетілдіру **«Күз»** (Қабдікәрім Ыдырысов) Күзім-ау, күзім-ау Мінезің бұзық ау, Жаңбырың сікіреп, Келгенің қызық-ау. Еркін ойындар.	Жеке балалармен жұмыс, ертегі кітаптарын қарап кейіпкерлерді атау дағдысын жетілдіру Балалардың дербес ойындары Күзгі ауа райының ерекшеліктерін байқау. Табиғи материалдар жинауын менгерту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Құстарды табиғатта бақылау, олар жайлы кітаптар қарау, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру **(көркем әдебиет)** Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар	Балабақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерге күтім жасауды жалғастыру аясында енбекке баулу **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындар Қимылды ойын: «Торғайлар»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар,**				

	өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, сұрақтарға жауап беруін жетілдіру **(сөйлеуді дамыту)** Әртүрлі көлемдегі көкөністермен жемістерді салыстыру. Үлкен – кішентай және т.б салыстыру. **(сенсорика)**	Жемістер мен көкөністердің үлкен кішісін анықтау. Түсін атауды пысықтау **(сенсорика)** Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді жасауын менгерту және жетілдіру. **(Құрастыру)**	Күзгі жапырақтардан композиция жасауды үйрету **(жаспыру)** Алып салу, ашу жабу ойындарымен ойнау барысында саусақ қимылдарын дамыту **(сенсорика)**	Құстар туралы мультфильм қарау. Құстардың қимылын жасап, аттарын атауын бақылау **(сөйлеуді дамыту)** Ойыншықтардан құстарды тауып салыстыру **(сенсорика)**	Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын қайталау. **(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Кітаптар қарау, жануарлардың дыбыстарын салуды пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)**
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру.(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың таңдауы бойынша ермексаздан шалқан жасау дағдыларын, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру дағдыларын пысықтау **(мүсіндеу, жапсыру)**	Құрастыру ойыншықтарынанжеміс ағашын құрастыру **(Құрастыру)** Фланелеграфта жемістер мен көкөністерді себеттерге бөліп жапсыруды менгерту **(Жапсыру)**	Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттер таңдауын ұйымдастыру. Ермексаздан мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. **(Мүсіндеу)** Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу дербес қымыл жасауын дамыту**(құрастыру)**	Дидкатикалық ойын «жеміс па? Көкөніспа?» Жеміс пен көкөніс макеттерін көрсету арқылы атауын атап, әңгімелеу дағдысын дамыту **(көркем әдебиет)** Жеміс пен көкөністерді себетке салу алу. Шашып тастап, қайта жинау. **(сенсорика)**	Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін тауып, мүсінін жасау дағдыларын дамыту. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру амалдарын қалыптастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**Бекбауова Сабинаға** дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауды үйрету.	**Джурабек Әлиханға** «Алма» тақпағын жаттату.	**Қарықбол Асылымға** саусақ бұлшықеттерін дамыту.	**Болат Арланға** көркем қабылдауын дамыту.	**Базарбай Айаруға** бірдей жемістерден топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру.
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)* балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (*сөйлеуді дамыту)*				
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»	Қ/о «Шарды ұста»	Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».	Ертегідегі жануарларға тән ерекшеліктермен	Қ/О «жүгіріп қағып ал»

	Ертегі кейіпкерлерінің суретін құрастыруын жаттықтыру. **(құрастыру)** Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Балалардың дербес әрекеттері Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар **(сенсорика)**	Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар Құрастыру ойыншықтарынан жемістерді құрастыру **(Құрастыру)**
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың үйге қайтуы	Шалқан, бауырсақ мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру.Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.				

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР

Қазан айы
Еденде (жерде) сызылған шеңбер боймен жүріп (10 сек) тоқтаған соң, балалар тәрбиешіге қарап көрсеткен қимылдарын орындайды. Бұрылу (оңға-солға)
Бастапқы қалып: Шарды екі қолмен кеуде алдына ұстап тұрып, жоғары көтеру «Ұшты, Ұшты, шар ұшты».
Бастапқы қалып: Тік тұрып, аяқтарды қатар қойылған, шар ұстаған кеуделерінің алдына қолдарын алға созып, оларды бүгіп, жазу.
Бастапқы қалып: Жоғарыдағыдай еңкейіп шарларын ортаға домалату және соны ұстап өз орнына оралады.
Бастапқы қалып: Оңға бұрылып шеңбер бойымен тәрбиешінің соңынан шарды оң бүйіріне қойып, оң қолдарымен ұстап жүру.
Бастапқы қалып:алға, жанына, артқа қадам жасау
Бастапқы қалып:аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу)

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Өз үйіңді тап
Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде –ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қояю. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.
Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді,жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауыменбалалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

Жүгіріп қағып ал.
Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады.(қашықтығы1,5-2м) Тәрбиеші» Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңынаеріп жүреді.

Құстың қауырсыны кімге барады.
Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан – жаққа қашып жүгіреді, ойын жалғасады.

Жалауға қарай жүгір
Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.

Шарды ұста
Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді.Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады. 10-15 сек. Ойын жалғасады.

Күн мен жаңбыр
Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

Ұшақтар
Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшықтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

Автобус
Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

Торғайлар
Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі торғай болып көрсетеді. Тәрбиеші «Торғайлар ұшады!» деп барлық балармен қолын екі жанына созып, сермеп ұшады. «Торғайлар жерге қонып, жем тере бастады деп» барлық балаларды өз орындарында тоқтатып, отырып, саусақтарымен еденді түрткізеді.Содансоң торғайлар ұйқтады деп, екі алақанын бетінің бір жағына қойып, басын қисайтып, көзін жұмады.Тәрбиешінің осы қимылдарды қайта бастауымен ойын жалғасады.
Төгілген жіптерді жылдам жина
Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді. Тәрбиеші ортаға бірнеше үлкен орама жіптерді тарқатып тастап, бірнеше балаға ораманы алап жіптің ұшына жеткенше орап кел деп, өзі жіптің басын ұстап отырады. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

«Ортамызда кім жоқ»
Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы орамалды баланыңбіреуінің үстіне жабады-да балалардан сұрайды, ортамызда кім жоқ?
Тәрбиеші орамалды баланың үстінен көтеріп алып , баланың атын айтады.Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қараша 2023жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 30.10.2023**	**Сейсенбі 31.11.2023**	**Сәрсенбі 01.11.2023**	**Бейсенбі 02.11.2023**	**Жұма 03.11.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сәлеметсіз бе! сөзін сөздік қорына қосу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).** Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың ауа райына байланысты жылы киіну жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру,белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау.Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге бақылау. (**Балармен жеке жұмыс).**				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасатуі **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Сөздерін қайталау. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Орманда» тақырыбында жеке әңгімелерді айтып беру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік				

	қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.	**Дене шынықтыру** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру.	**Дене шынықтыру** заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу;	**Дене шынықтыру** Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру.
	Орман туралы мультфилім көрсету. Танитын заттарын атату. Орман дыбыстарын қайталау. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. **(сөйлеуді дамыту)** Құрастыру ойыншықтарымен ойындар. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр),жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. **(Құрастыру)**	Орман, ағаштар, құстар, жануарлардың атауларын атату. Сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру. «Бауырсақ» ертегісін оқу. Орманда жүрген суретін көрсету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Домалақ пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету **(сенсорика)**	Орманды мекендейтін жануарлардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен айтуын байыту. Жануарлардың дыбыстарын салу, қайталауды дамыту. Кітаптардан суреттерін қарату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебеит)** Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз)үйрету. Орман бейнесін жасату. **(жапсыру)**	Балалардың жақсы көретін мультфилімін бірге тамашалау. Кейіпкерлердің сөздерін, қимылдарын қайталату. **(көркем әдебиет)** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. **(сенсорика)**	Балаларға қоржыннан әр түрлі заттарды алуды ұсыну. Осы заттар көп болса қалай айтамыз деп айтып үйрету. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау,				

	тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту)**. Күн тәртібіне сәйкес тазааудада болуын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.				
Серуен	Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Лэпбуктерге орман бейнесін жапсырту. **(Жапсыру)**	Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Тастардан мұнара құрастыруды үйрету. **(Құрастыру)** Жапырақтарды және олармен әрекеттерді атау, оларды балабақша ауласында тануды пысықтау. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**	Қалта айнасына қарату. Өз есімдерін атату. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету	Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Жел тұрып тұр, жаңбыр жауып тұр сөздерін айтқызу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. **(Сөйлеуді дамыту)** Бұтақтардан қора құрастыруды үйрету. **(Құрастыру)**	Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың дербес құрастыру әрекетін дамыту. **(Құрастыру)** Қимылды ойын: «Торғайлар» Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту,				

	орамалды ілу көркем сөз қолдану, Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористі дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Жағымды музыкамен сүйемелденетін ертегілер тыңдату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек),киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегіменретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористі дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарап, суреттерде таныған бейнесін атату. **(көркем әдебиет)** Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Ағаштың діңін жасауды үйрету. Алақан арасында есуді үйрету. **(мүсіндеу)**	сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру**.** Бауырсақ мүсінін жасату. **(мүсіндеу)** Жапсыруға қызығушылықты ояту. Фланелеграфқа бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін жапсырту. **(Жапсыру)** Қаламмен бауырсақ салуды үйрету. **(Сурет салу)**	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. **(мүсіндеу)** Өлшеміне қарай біркелкі ойыншықтарды топтастыруды үйрету **(сенсорика)** Шармен көңілді би ұйымдастыру, ән айтқызу. **(музыка)**	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. **(сенсорика)** Көңіл күйді көтеру үшін түрлі түсті шарлар жасату. Сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру**.** **(мүсіндеу)** Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстады үйрету. Шарлардың суретін салдырту. **(Сурет салу)**	Сурет салуда қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде қаламды жеңіл жүргізумен салуды үйрету. Шарларды салдырту. **(Сурет салу)** Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. **(Мүсіндеу)** Қағаз қасиеттері туралы түсініктерін

					қалыптастыру **(Жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**Қанатқан Камилаға** құрылыс материалдарынанжәне ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету.	**Ермек Санжарға** дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білулерін дамыту.	**Жолдасбекұлы Жақсылыққа** дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа)еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету.	**Берік Әділге** қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату.	**Мұрат Нұрисламға** аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету.
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)* балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (*сөйлеуді дамыту)*				
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Түсіне қарай ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды дамыту **(сенсорика)** Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды үйлестіру арқылы бере білуді үйрету. **(сурет салу)**	Көңілді муызка қою. «Бауырсақ» әнін айтқызу. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуді үйретуді жалғастыру **(музыка)**	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау. **(Құрастыру)** дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды жетілдіру. Құмда сурет салдырту. **(сурет салу)**	Доппен ойындар. Фланелеграфқа топтағы доптармен түстес шарларды жапсырту. **(жапсыру)**	Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады» Әр түрлі түсті және пішінді ойыншықтармен ойындар ойнату. Алу салу, ашу жабуға арналған ойын құралдарын пайдалануды дамыту. **(сенсорика)**
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың үйге қайтуы	Балаға қойылатын сұрақтар туралы кеңес беру. Балалардың күн соңындағы көніл күйін талқылау				

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қараша айы 2023жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 06.11.2023**	**Сейсенбі 07.11.2023**	**Сәрсенбі 08.11.2023**	**Бейсенбі 09.11.2023**	**Жұма 10.11.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен, жүрекше стикер беріп қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға көтеріңкі көңіл күймен келу жағдайларын талқылау. Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, күн сууына байланысты жылы киіндіруге кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, «Жапырақтар»,саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату барысында баланың сөйлеуін дамыту. **(Балармен жеке жұмыс.)**				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындатуі (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдарын орындауды пысықтау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)** Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.«Көліктер» тақырыбында жеке әңгімелер жүргізу Ұшақ, автобус, жеңіл көлік, поездпен таныстыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары				

	бойынша әрекет түрін таңдауын дамыту және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.	**Дене шынықтыру** Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.	**Дене шынықтыру** Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру;	**Дене шынықтыру** Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.
	Жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. «Үйшік» ертегісі. Сөздерін қайталау. Кейіпкерлердің дауысын салуды үйрету. **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)** Бірдей көліктерді топтастырып ойнату. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. **(Сенсорика)**	Поездың дауысы естірту. Балалардан бұл ненің дауысы? Сұрау. Осы дауысты бірнеше рет айтып қайталату. Содан соң суретін көрсету. Поезд туралы мультиктен үзінді көрсету. Поезд болып бірінің артына бірі тұрып жүруді қйымдастыру. Құрастыру заттарынан бір қатарға тізіп поезд вагондарын жасату. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)**	Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының бірі автобуспен таныстыру. Автобусты тану, атау. Орындықтарды автобустағыдай қойып, отырып саяхатқа шығару. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Фланелеграфта автобыс орындықтарына адамдарды үйлестіріп жапсырту. **(жапсыру)**	Терезеге қаратып, далада жел тұрып, жаңбыр жауып тұрғанын бақылату. Желдің дауысын ууу деп салуды үйрету Саусақтарын алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету. Терезеден ұшақтың ұшқанын бақылау. Ұшақтың суретін көрсету. Оның ерекшеліктерімен таныстыру. **(Сөйлеуді дамыту)** Қағаздан ұшақ жасап беріп ұшырып ойнату. Кейбір бөліктерін өздері бүктеуіне	Бір бір ойыншықты таратып беру. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіріп айтуын ұйымдастыру (мысалы көліктер әдемі, поезд ұзын) **(сөйлеуді дамыту)** «Санжардың ойыншықтары» әңгімесін оқып беру. Көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. **(көркем әдебиет)**

				мүмкіндік жасау. **(сенсорика)**	
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді және бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.				
Серуен	«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Көшедегі көліктердің қауыпты екенін түсіндіру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Көліктердің дөңгелектерін жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыру **(мүсіндеу)** Қимылды ойын «Шарды ұста» Үш дөңгелекті велосипедке отыру, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу, ересектердің көмегімен	Ағаш бұтақтарын тізіп поезд жасату. **(құрастыру)** Ағаштарды бақылау, жел тұрғанда олардың жапырақтарының қимылына назар аударту. Қимылды ойын: «Поезд»	Автобус туралы тақпақ жаттау. Автобусқа асығып, жолды кесіп өтпеуді көрсетіп түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жапырақтарды теру, құмыраға салу дағдысын бекіту. **(сенсорика)** Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары Қимылды ойын «Шарды ұста»	Ауа райның ерекшеліктерін байқату. Желде ұшақтың қатты ұшатынын байқату. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Фланелеграфқа ұшақты жапсырту. **(жапсыру)**	Серуенде табиғатты бақылауды үйрету. Аулада ересектердің еңбегіне қосылып, көмектесуді ұйымдастыру **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Ірі жұмсақ құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар құрастырып алайық деп құрастыру әдістерін үйрету **(Құрастыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Өз орындығыңды тап»

	және өзбетімен рөлді басқаруды үйрету **(дене шынықтыру)**				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көңілді музыканың берілген сипатына сай қимылдар жасату **(музыка)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер. Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен көлік бейнелерін табу,	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, поезд сурет бояту, сазбалшық және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру арқылы поезд дөңгелектерін мүсіндету. Фланелеграф тақтасына поезд вагондарын тізбекпен жапсырту. **(Сурет салу)**	Дамытушы орталықтарда балалардың бастамасымен құрылыс материалдарынан автобустар құрастыру ойындарын ойнату. Парақ бетінде автобусты орналастыру әрекетін дамыту.Сазбалшық ты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру	Ұшақтарды бояту. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды – эстетикалық қатынасын тәрбиелеу **(сурет салу)** Бұтақтардан ұшақты құрастыруды үйрету. **(Құрастыру)**	«Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту. Көліктердің арасынан басқа заттарды табуды жетілдіру. **(сенсорика)** Қандай сурет сала алатынымзды көрсетейік.

	фланелеграфқа жапсырту. **(Жапсыру)** балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды парақ бетінде салуын үйрету. Көлік бейнесін бояту. Көліктерге арнап жолдар салдырту. **(сурет салу)**	**(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)**	**(Құрыстыру, сурет салу, мүсіндеу)**		Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау. Балалардың еркін әрекетін дамыту. **(Сурет салу)** Сазбалшықты алақан арасына алып мыжу дағдысын дамыту **(Мүсіндеу)** Фланелерафқа көлік түрлерін жапсырту. **(Жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**Абай Абдуллаға** геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлікөлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру жәнеіріктеуді жетілдіру.	**Абдурахимова Айлинаға** есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.	**Адил Исламханға** балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау.	**Әділбай Салауатқа** саусақтарын алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету.	**Бегайдар Шахназарға** құстары бар кітаптарды табуын жетілдіру.
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)* балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (*сөйлеуді дамыту)*				
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып,	Ертегі оқып оны ойыншықтар, суреттер, үстел үсті театрының	Автобус, поезд, көлік дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын	«Санжардың ойыншықтары». Әңгіме оқып	Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады»

	шығу, олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту **(құрастыру)** Қимылды ойын «Шарды ұста»	кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету **(көркем әдебиет)** Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»	жетілдіру. Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Көңілді музыканың сипатына сай қимылдар жасату. «Әнші балапан» **(музыка)**	беру.Ойыншықтарға ұқыпты болуды үйрету. **(көркем әдебиет)** Доппен ойындар.	Бірдей көліктерді топтастырып ойнату. **(Сенсорика)**
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың үйге қайтуы	Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну Көлікте жүргендей болып ойнауды ұсыну. Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.				

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қараша айы 2023жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 13.11.2023**	**Сейсенбі 14.11.2023**	**Сәрсенбі 15.11.2023**	**Бейсенбі 16.11.2023**	**Жұма 17.11.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Отбасында шынығу маңызы жөнінде ақпарат алу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату. **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар жасату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді видео муызка сүйемелдеуімен қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)** Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбында жеке әңгімелер ұйымдастыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.	**Дене шынықтыру** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.	**Дене шынықтыру** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).	**Дене шынықтыру** Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.
	Қонаққа есікті қақтырып спортшы баланы кіргізу (мектепалды топтың баласы) Ол балаларға жаңа ойыншықар алып келгенін айтқан соң әр балаға доптар, құрсаулар, секіргіштен береді. Балалар алған заттарын атап, қалай ойнайтынын көрсетеді. Балаларға спортшы баланың жасаған жаттығуларын қайталап	Тазалық құралдарын көрсету. Атауларын атату, қуыршақтарға күтім жасату. Не істеп жатқандарын айтқызу. **«Қуыршақ»** тақпағын жаттату. Жуын,жуын,жуынсақ Қандай жақсы қуыршақ! Қазір аппақ боласың Қуанады анашың *М.Жаманбалинов* **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Шынықтыру құралдарын қима карточкалардан құрастырту. Құрастырған бейнесі туралы өз ойын айтуын дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)** Балалардың сүйікті ойыншығы допты сазбалшықтан мүсіндеуді пысықтау. **(мүсіндеу)**	Үстел үсті театры арқылы «Үш торай» ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоциалды қабылдауды үйрету. **(көркем әдебиет)** Ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атауды. Не істеді сұрағына жауап беруді үйрету. Ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас	Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге дағдыландыру. Топпен бірге «қуыршақ» тақпағын айтуды үйрету **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	жасайды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Көңілді музыка сүйемелдеуімен балалардың бірге би билеуін ұйымдастыру **(музыка)**	Тазалық құралы сабынның суретін салдырту, сазбалшықтан сабын мүсінін жасату. Тазалық құралдарын тауып жапсырту жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**		жасауды дамыту **(сөйлеуді дамыту)** Ойыншықтар әнін тыңдау.Балалардың қарапайым би қимылдарын жасату: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуін жетілдіру **(музыка)**	
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Құмға таяқпен тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды ырғақты сызып салуды қайталау (жаңбыр, қар, жол, түтін) **(сурет салу)** Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын секілді сипаттарды атауын қалыптастыру. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауын	Құрастыру материалдарынан машиналардың жолдарын құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** Жел қалай соғады. Жапырақтардың тербелгенін көрсету дағдыларын пысықтау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар, жеке жұмыстар	Аулада тазалық жұмыстарын ұйымдастырып балаларды ағаштардан түскен бұталарды теруге қатыстырып еңбектенуге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар. Қимылды ойын: «Нысанға қарай жүгір»	Қимылды ойын: «Поезд» поезда бара жатқанда желдің соғуын бақылату. Құстарға жем су бергізу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар Құмда сурет салдырту. Ермексазбен еркін ойындар. **(мүсіндеу, сурет салу)**	Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ағаштардың түскен бұтақтарын жапырақтарын жинап, шелекке салу **(сенсорика)** Еркін ойындар

	ұйымдастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» көркем сөзді эмоциалы қабылдауды үйрету. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттерді жасату. Спорттық ойын құралдарын фланелеграфта жапсырту **(жапсыру)**	«Қуыршағым» әнін айтқызу. Видео арқылы көруін ұйымдастыру. Бірге қимыл жасату. **(музыка)** Көлеміне қарай ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды	Таныс тақпақты қайталау, жаттату. Жеке балалармен жұмыс жасау. **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта кітіптардан сурет қарату сұрақтарға	Еркін іс әрекеттер Сенсорлық ойындар, кітаптардан «Үш торай» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін фланелеграфқа ертегі желісі бойынша	Қалауы бойынша шариктер суретін салуды жетілдіру. Түрлі түсті ермексаздан шариктер жасату. Фланелеграфқа шариктер жапсырып,

	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп, құрсау жасату (**мүсіндеу)**	топтастыруды пысықтау **(сенсорика)**	жауап беруін дамыту. Құмда доп салуды пысықтау **(сурет салу)**	жапсырту. **(сенсорика, жапсыру)**	моншақ тізуді үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	**Жанат Аминаға** сөздердідұрыс айтуды ескере отырып,сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.	**Жандарбек Айшаға** отбасы мүшелерінің жанына шарды орналастырып жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру.	**Серікқан Арланға** допты сазбалшықтан Мүсіндеуді үйрету.	**Сарджигитов Ерсұлтанға** не істеді сұрағына жауап беруді үйрету.	**Жексенбай Мерейге** «Машина» тақпағын айтуды үйрету.
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)* балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (*сөйлеуді дамыту)*				
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Қ/о «Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру Құрастыру материалдарынан үйшік, мәшіне және т.б құрастыруды дамыту. **(құрастыру)**	Кітаптар қарату. Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? Және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Балалармен жеке жұмыстар. Қ/О «Поезд»	Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату **(сенсорика)** Қ/о «Шеңберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауын қалыптастыру Құрастыру материалдарымен еркін	Пласстмасс құрастыру материалдарынан әр түрлі құрылымдар құрастыруын ұйымдастыру. **(құрастыру)** Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.

				ойындар ойнату. **(құрастыру)**	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешінуі, еркін ойын, іс-әрекет.				
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ойналатын ойындар ұсыну. Апта бойы алған әсерлерін сұрау, әңгімелесу дағдысын қалыптастыруды үйде жалғастыруды ұсыну.				

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Қараша айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 20.11.2023**	**Сейсенбі 21.11.2023**	**Сәрсенбі 22.11.2023**	**Бейсенбі 23.11.2023**	**Жұма 24.11.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасап, смалик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау. **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде				

	киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Қошақаным қайда екен» әнін қойып балаларға түрлі қимылдар жасату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Үй жануарлары» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. Б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Дене шынықтыру** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).	**Музыка** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.	**Дене шынықтыру** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.	**Дене шынықтыру** Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.
	Үй жануарлар туралы мультфильм көрсету. Суреттерден тану, атауларын атату. Дауыстарын салдырту. **(сөйлеуді дамыту)** Кітаптардан «жеті лақ» ертегісінің көрсету. Суреттерге қарап	Сиыр мен бұзаудың суретін көрсету. Әр балаға бір біреуден таратып атауын атату. Дыбысын қайталап, атауын атау, сұрақтарға жауап беру аясында байланыстырып сөйлеуді үйрету Көңілді әуенге би	Жылқы мен құлынның суретін, ойыншығын тамашалту. Балалардың олар жайлы ойын тыңдау. Дауысын салу, атын атауды жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Құлыншақты бояту. Балалардың бейнелеу	Таңдауы бойынша үй жануарларын , төлдерімен фланелеграфта жапсырту. Қой мен қозы туралы ктіаптардан суреттер қарату. Балалардың көркемдік қабылдауларын	Үй жануарларының ойыншықтарымен балалардың еркін әрекетін ұйымдастыру. Бір бірімен қарым қатынас жасауын қалыптастыру. **(көркем әдебиет)**

	ертегіні желісін бұзбай айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атату. **(көркем әдебиет)**	билету. «Қошақаным» әніне қосылып айтуды дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)**	әрекетіне деген қызығушылығын ояту **(сурет салу)** Саусақ бұлшық еттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындарды ойнату **(сенсорика)**	дамыту; Өз бетінше білгенін айтуды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**	Бірдей жануарлардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру. **(сенсорика)**
Екінші таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
